

***С. С. ТҮСПБЕКОВ, ҚР ИМБ. БЕЙСЕНОВ АТЫНДАҒЫ КАРАҒАНДЫ АКАДЕМИЯСЫНДАҒЫ  
МЕМЛЕКЕТТІК-ҚҰҚЫҚТЫҚ ПӘНДЕР КАФЕДРАСЫНЫҢ АҒА ОҚЫТУШЫСЫ***

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНДАҒЫ САЯСИ ПАРТИЯЛАР**

Қазақстан Республикасындағы демократияландыру үрдісі негізінде азаматтық қоғам құру кеңістігінде көппартиялық пен плюрализм маңызды рөл атқарады. Себебі, еліміздің тоталитарлық жүйеден демократиялық қоғамға өтудің басты белгісі — көппартиялық екенін ескерсек, саяси партиялардың басты мақсатына айналған пікір-алуандылықты кең өрістетуге азаматтардың белсенділігін көтеру, қоғамның дамуы мен идеологиялық демократияның өрістеуіне зор ықпал ету ашық әрі еркін қоғамды қалыптастырудың басты жолдары деп қарастыруға болады. Бұл процесс елімізде кезең-кезеңімен жүзеге асырылуда. 2002 жылы қабылданған «Саяси партиялар туралы» Заңының аясында қызметі мен өз міндеттерін нақтылы айқындалуы қоғам дамуындағы нақтылы бағытын білдіреді. «Қазақстандағы еркін қоғам құру мәселесі барынша кең болғандықтан, оның тек саяси партиялардың құрылуы мен атқарылап отырған іс-шараларына бағытталған мемлекеттік реттеудің құқықтық механизмдерін анықтау үшін конституциялық заңдармен, сондай-ақ сайлау заңдарымен реттеліп отыр». Жалпы, Қазақстан Республикасындағы демократиялық үрдістердің кең қанат жаюы қоғамдық құбылыс ретінде санасақ, заман талабынан туындайтын саяси жүйедегі еркіндік пен ашықтық объективті қажеттілік деп қарастыруға болады. Саяси жүйені демократияландырудың жолдарының бірі

ретінде адамдардың саяси қатысуы және белсенділігі саяси партияларға мүше болып кіруі, саяси процеске азаматтық пікірлерін білдіру арқылы еркін қоғам қалыптасуына жағдай жасайды.

Қазіргі таңда, Қазақстан Республикасындағы саяси партиялардың мақсат міндеттері мен құндылықтары өте ұқсас. Мәселен, кезіндегі Отан, Ақжол, Асар, Руханият партиялары өздерінің мақсаты ретінде демократиялық мемлекеттің еркін қоғам құруда алдыңғы орынға қойса, Қазақстанның аграрлық партиясы, Қазақстанның халықтық коммунистік партиясы еркін және әлеуметтік, әділеттік пен мүмкіндіктері тең қоғам құруды мақсат етеді. Сонымен, 2003-2004 жылдардағы Қазақстан Республикасындағы партиялардың бағдарламаларын салыстыруда барлық партиялардың мақсаттары бір-біріне өте ұқсас, бірақ ортақ мақсатқа партиялардың әртүрлі жолдармен жететінін ескерсек, мұны демократиялық жүйеге негізделген еркін және ашық қоғамды қалыптастырудың мүмкіндіктері деп қарастыруға болады. Осыдан келіп туындайтын ойды қортындылар болсақ: Қазақстан Республикасы көппартиялық жүйені дамыту арқылы еркін әрі ашық қоғамды қалыптастырудың бағыт-бағдарын айқындай алады. Саяси партиялар өз қызметінде арнайы дәнекер ретінде азаматтық қоғам мен мемлекет арасындағы байланыстардың бірін қамтамасыз етеді. Өйткені партияларға мемлекет пен қоғам арасындағы тікелей және кері байланысты қамтамасыз ету міндеті жүктелген. Бұл міндеттің жүзеге асырылуы көбіне қоғамдағы демократиялық принциптерінің жүзеге асырылу толықтығына, азаматтардың елдің саяси өміріне шынайы қатысуының қамтамасыз етілуіне және азаматтық қоғам мен мемлекет қалай өзара әрекеттесетіндігіне байланысты келеді.

Біз пропорционалдық жүйенің ерекшеліктеріне қысқаша тоқталып өткенді жөн көрдік, өйткені алдағы уақытта еліміздегі саяси партиялардың дамуы осы жүйеге тікелей байланысты болып отыр.

Біріншіден, пропорционалдық жүйе қоғамдағы саяси күштердің орнын барынша дәлірек көрсетеді, Парламентте елдің саяси күштерінің барша топтарын өкілдендіруге мол мүмкіндік ашады. Мысалы, ел бойынша сайлаушылардың 20 пайыз дауысын алған партия Парламенттегі орынның 20 пайызын иеленеді. Мажоритарлық жүйеге тән болған сайлаушылардың дауысының есепке алынбай қалу мүмкіндігі бұл жерде орын алмайды, яғни дауыстардың жоғалуына жол берілмейді.

Екіншіден, бұл принцип дамыған, бәсекелесті партиялардың қалыптасуына жол ашады, көппартиялықты нығайтады және демократияның аса маңызды белгісі саяси плюрализмді дамытады.

Үшіншіден, жаңа сайлау жүйесі азаматтық борышты өтеуді жеңілдетеді. Мысалы, бұрын Парламенттік сайлауларда депутаттыққа кандидаттар арасында тартыс болса, жаңа жүйе бойынша бәсекелестік саяси партиялар деңгейінде болды.

Үшіншіден, пропорционалдық сайлау жүйесі мажоритарлық және аралас жүйеге қарағанда көбірек либералдық болып келеді, өйткені қоғамдық рөлі жоғары саяси күштердің барлығы елдің жоғарғы өкілдік органында болуына мүмкіндік алады. Яғни, қазақстандықтардың санасында саяси партиялардың рөлі айтарлықтай өсе түседі. Таяу уақытта азаматтар өздерінің саяси көзқарастарын белгілі бір саяси ұйымдардың әрекетімен байланыстыратын болады және бұл толыққанды азаматтық қоғамның қалыптасуына жол ашады. Сонымен қатар, сайлауды пропорционалдық жүйе бойынша өткізуді енгізу саяси партиялардың дамуына үлкен серпін береді.

Төртіншіден, азаматтардың атқарушы органға ықпал етуіне шынайы мүмкіндіктері пайда болады. Бұл конституцияға енгізілген өзгерістерге орай мүмкін болып отыр. Жаңа талаптар бойынша Президент Премьер-Министрді парламенттегі партиялардың фракцияларымен кеңесіп, депутаттар Премьер-Министрдің кандидатурасын мақұлдағаннан кейін ғана тағайындайды. Бұл дегеніміз азаматтардың дауыс берген партиялары арқылы саяси шешімдер қабылдауға шынайы түрде қатысуға мүмкіндіп алып отырғандығын куәландырады. Сонымен бірге, мәжілістің Конституциялық Кеңесті, республикалық бюджеттің атқарылуын бақылаушы Есеп комитетін, Орталық сайлау комиссиясын қалыптастыруға қатысуы да саяси партиялардың саяси үрдістерге қатысу деңгейін арттыра түсті.

Бесіншіден, Мәжілістің, тиісінше саяси партиялардың өздерінің бақылау құралдарын пайдалана отырып, үкіметтің қызметіне ықпал ете алу мүмкіндігі. Оның ішіндегі ең ықпалдысы әрбір министрге «төнуі» мүмкін сенімсіздік білдіру болып табылады. Оның үстіне енді бұл құралды пайдалану механизмі жеңілдей түсті. Мысалы, бұрын Мәжіліс сенімсіздік білдіру үшін депутаттардың үштен екісінің дауысы қажет болған болса, енді депутаттардың жартысынан көбінің дауысы жетіп жатыр.